



БҰЙРЫҚ

« 12 » 06 20 19 ж./г.

Қызылорда қаласы

ПРИКАЗ

№ 424

город Кызылорда

**Денсаулық сақтау саласындағы
шаруашылық жүргізу құқығындағы
коммуналдық мемлекеттік
кәсіпорындардағы байқау
кеңесінің Ережесін бекіту туралы**

«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына және «Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда байқау кеңесін құру қағидаларын, байқау кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптарды, сондай-ақ Байқау кеңесінің мүшелерін конкурстық іріктеу және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 113 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардағы байқау кеңесінің Ережесі бекітілсін.

2. «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың басшылары заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Б.Қ. Кеншімбаеваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Басқарма басшысының
міндетін атқарушы



Ж. Абдусаметов

Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының
2019 жылғы «12» маусым № 404 бұйрығына
қосымша

Қызылорда облысының денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі туралы ережені, Байқау кеңесінің отырыстарын шақыру және өткізу қағидасын бекіту туралы

1. Жалпы ережелер

1. Осы денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына сәйкес әзірленген және денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің (бұдан әрі - Байқау кеңесі) қызметін және дәрежесін реттейді.

2. Өз қызметінде байқау кеңесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, мемлекеттік кәсіпорынның (бұдан әрі - Кәсіпорын) Жарғысын, осы Ережені және басқа да нормативті құқықтық актілерді басшылыққа алады.

2. Байқау кеңесінің төрағасы

3. Байқау кеңесінің төрағасы Байқау кеңесі мүшелері арасынан Байқау кеңесі мүшелерінің ашық және жасырын түрде көпшілік дауысымен сайланады. Кәсіпорынның атқарушы органның бірінші басшысы Байқау кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

4. Байқау кеңесі кез келген уақытта Байқау кеңесінің төрағасын қайта сайлауға құқылы.

5. Байқау кеңесінің төрағасы жоқ болған жағдайда, оның қызметін уақытша ағымдағы отырыстын шегінде Байқау кеңесінің тиісті шешімі негізінде Байқау кеңесінің мүшелерінен біреу атқарады

6. Байқау кеңесінің төрағасы:

1) байқау кеңесінің жұмысын ұйымдастырады және байқау кеңесі шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады;

2) байқау кеңесі отырысының күн тәртібін қалыптастырады;

3) байқау кеңесі отырысын шақырады және отырыстарда төрағалық етеді;

4) байқау кеңесі атынан шығатын құжаттарға қол қояды;

5) Байқау кеңесінің ұстанымын ұсынады және уәкілетті органның (жергілікті атқарушы органның) алдында байқау кеңесінің қызметі туралы,

кәсіпорынның жалпы жағдайы туралы, және кәсіпорынның көздеген мақсатына жетуге бағытталған, және қабылданған шаралар туралы есеп береді;

6) Байқау кеңесінің мүшелерімен Кәсіпорынның атынан еңбек шартын, материалдық жауапкершілік шартын және тағыда басқа шарттарды жасасады;

7) Кәсіпорынның атынан Байқау кеңесінің шешімімен лауазымдық жалақы мөлшері белгіленген еңбек шартын, материалдық жауапкершілік шартын және тағыда басқа шарттарды Байқау кеңесінің хатшысымен жасасады;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарымен белгіленген міндеттер мен функцияларды жүзеге асыру мақсатында Байқау кеңесі мүшелеріне, Байқау кеңесінің хатшысына тапсырмалар береді;

9) қолданыстағы заңнамамен және байқау кеңесі шешімімен анықталған басқада қызметтерді жүзеге асырады.

3. Байқау кеңесінің хатшысы

7. Байқау кеңесінің хатшысы Кәсіпорынның қызметкері болып табылады және Байқау кеңесінің мүшесі болып табылмайды.

8. Байқау кеңесінің хатшысы:

1) байқау кеңесіне есепті;

2) Байқау кеңесі мүшелерінің тіркелімін жүргізеді;

3) байқау кеңесі төрағасының тапсырмасымен байқау кеңесінің мүшелерін байқау кеңесінің кезекті және кезектен тыс отырыстарының өтуі туралы хабардар етеді;

4) байқау кеңесінің мүшелерін және төрағасын байқау кеңесі мүшелерінің міндеттерін тиісінше орындау маңызы бар қажетті ақпараттармен және құжаттармен қамтамасыз етеді;

5) байқау кеңесіне жіберілген хат-хабарды тіркеуді жүзеге асырады, және тиісті жауаптарды дайындауды ұйымдастырады;

6) байқау кеңесі және байқау кеңесінің төрағасы берген құжаттарды ресімдейді және оларды байқау кеңесі мүшелеріне және басқа да мемлекеттік кәсіпорындағы басқару органдарының лауазымды тұлғаларына ұсынуды қамтамасыз етеді;

7) Байқау кеңесі қабылдаған шешімдердің орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді, Байқау кеңесінің төрағасын Байқау кеңесінің шешімдерін тиісінше орындалғаны/орындалмағаны туралы уақытылы хабардар етеді;

8) байқау кеңесі отырыстарының хаттамаларын жүргізеді және 1-қосымшаға сәйкес оларды тіркеуден өткізеді;

9) Кәсіпорынның мөрімен және өз қолымен куәландырылған Байқау кеңесінің хаттамасы мен шешімінен үзінді көшірмесін 2-қосымшаға сәйкес

рәсімделеді;

10) сырттай дауыс беру арқылы байқау кеңесі қабылдаған шешімдер туралы байқау кеңесі мүшелерінің барлығын хабардар етеді;

11) байқау кеңесі мүшелеріне, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешім қабылдау үшін қажетті ақпаратты уақытылы жеткізу үшін қажетті шараларды қабылдайды;

12) байқау кеңесі қызметін тіркеуді құрайды.

4. Байқау кеңесінің мүшелері

9. Кәсіпорынның байқау кеңесі мүшелерінің саны тақ болады және бір-бірімен және кәсіпорынның басшысымен жақын туыстық және жекжаттық қатынастарда болмайтын кемінде 5 (бес) адамнан құралуға тиіс.

10. Байқау кеңесінің мүшелері Кәсіпорын жұмыскерлерінің штатына кірмейді.

11. Байқау кеңесінің құрамына денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның өкілдері (жергілікті атқарушы органның), Кәсіпорынның басшысы және Қазақстан Республикасының заңына сәйкес конкурс негізінде сайланатын басқада тұлғалар кіреді.

12. Кәсіпорында байқау кеңесінің өкілеттілік мерзімі 3 (үш) жылды құрайды.

13. Егер Кәсіпорынның Жарғысымен басқаша қарастырылмаса, Байқау кеңесінің мүшелеріне сайланған тұлғалар шектеусіз қайта сайлануы мүмкін.

14. Мынадай:

1) соттылығы өтелмеген немесе алынбаған;

2) заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам осы заңды тұлғаның басшысы болған;

3) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;

4) байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және туыстық қатынастағы адамды байқау кеңесінің мүшесі ретінде сайлауға болмайды.

15. Байқау кеңесінің өкілеттік мерзімі уәкілетті органмен (жергілікті атқарушы орган) Байқау кеңесінің жаңа құрамын сайлайтын шешімді қабылдаған сәтте аяқталады. Уәкілетті орган (жергілікті атқарушы орган) Байқау кеңесінің барлық немесе кейбір мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Сонымен қатар, Байқау кеңесінің оның мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешімі бойынша, Байқау кеңесінің мүшесі өкілеттіктері Байқау кеңесінің мүшесі жазбаша ескерту негізінде мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

16. Байқау кеңесі мүшесінің өкілеттілігі мерзімінен бұрын тоқтатылып, уәкілетті органмен Байқау кеңесінің жаңа мүшесі сайланған жағдайда, соңғысының өкілеттілігі Байқау кеңесі өкілеттілігінің мерзімі бір мезгілде толық аяқталады.

5. Байқау кеңесінің өкілеттігі

17. Байқау кеңесі:

1) уәкілетті органға (жергілікті атқарушы органға) мемлекеттік кәсіпорынның даму жоспарының жобасы бойынша, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша қорытынды береді;

2) мемлекеттік кәсіпорынның даму жоспарының орындалуы туралы есептің жобасын келіседі;

3) демеушілік және қайырымдылық көмектер мен қосымша көздерден алынған қаражатты, оның ішінде мемлекеттік кәсіпорын иелігінде қалған таза табыстың бір бөлігін бөлу туралы шешім қабылдайды;

4) бастамашылық аудит өткізу туралы шешім қабылдайды;

5) бюджет қаражаты мен қосымша көздерден алынған қаражаттың нысаналы пайдаланылуын бақылау үшін мемлекеттік кәсіпорынның және оның құрылымдық бөлімшелерінің құжаттамасымен кедергісіз танысады;

6) мемлекеттік кәсіпорын басшысын тағайындау және онымен еңбек шартын бұзу мәселелері бойынша уәкілетті органның (жергілікті атқарушы органға) ұсыныстарын келіседі;

7) ұжымдық шартты әзірлеуге қатысады және қосымша қаржы көздерінен, даму жоспарында бекітілген қаражат шегінде мемлекеттік кәсіпорын қызметкерлерінің, басшысының, оның орынбасарларының, бас бухгалтерлерінің лауазымдық жалақыларына үстемеақы белгілеу, сыйлықақы беру және материалдық көмек көрсету бөлігінде шешімдер қабылдайды;

8) байқау кеңесінің хатшысын тағайындайды, оның өкілеттік мерзімін және жалақысының мөлшерін айқындайды, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады;

9) уәкілетті органға (жергілікті атқарушы органға) мемлекеттік кәсіпорынның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар енгізеді;

10) мемлекеттік кәсіпорын қызметінің басым бағыттары бойынша ұсыныстарды әзірлейді;

11) уәкілетті органға (жергілікті атқарушы органға) мемлекеттік кәсіпорынның басқа заңды тұлғаларға қатысуы туралы ұсыныстар енгізеді;

12) уәкілетті органға (жергілікті атқарушы органға) мемлекеттік кәсіпорынның филиалдарын, өкілдіктерін құру және жабу туралы ұсыныстар енгізеді.

13) басқа да мәселелер, осы ережемен көзделген, сондай-ақ, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның шешімімен Байқау кеңесінің құзіретіне жататын немесе Байқау кеңесінің шешімімен шығарылған Кәсіпорынның басшысы, Байқау кеңесінің Төрағасының бастамасы бойынша.

6. Байқау кеңесі мүшелерінің құқықтары,
міндеттері мен жауапкершілігі

18. Байқау кеңесінің мүшелері құқылы:

- 1) отырыстарға қатысады;
- 2) Байқау кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
- 3) Кәсіпорынның Байқау кеңесінің кезектен тыс отырысын шақыруды талап етуге;
- 4) Кәсіпорынның Байқау кеңесіне ұсынымдар, ұсыныстар, ескертулер ұсынуға, өз пікірін білдіруге;
- 5) өз пікірін білдіруге, Кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарымен қарастырылған тәртіп бойынша, Байқау кеңесі отырыстарында қаралған мәселелер бойынша ұсыныстар мен ұсынымдарды, жазбаша түрде ескертулерді ұсынуға;
- 6) Байқау кеңесі отырысының күн тәртібіне белгіленген тәртіп бойынша мәселелер енгізуге;
- 7) Байқау кеңесінің жұмыс жоспарын қалыптастыру туралы ұсыныстар енгізуге;
- 8) Кәсіпорыннан сыйақыны алуға (мемлекеттік қызметкер болып табылатын Байқау кеңесінің мүшелері мен Кәсіпорынның басшысын қоспағанда), сондай-ақ Кәсіпорынның Байқау кеңесінің мүшесінің міндеттерін атқаруына байланысты шығындардың өтелуіне, Қазақстан Республикасының заңнамасымен, уәкілетті органның шешімімен, осы Ережемен және Кәсіпорынның басқада ішкі нормативтік құжаттармен көзделген тәртіпте және уақыт бойынша;
- 9) Кәсіпорынның Байқау кеңесімен белгіленген тәртіп бойынша Байқау кеңесінің компетенциясына жататын мәселелер бойынша сарапшыларды қатыстыруға талап ету;
- 10) лауазымға енгізу рәсімінен өтуін талап ету (Байқау кеңесінің қайта сайланған мүшелеріне қатысты);
- 11) өзінен Байқау кеңесінің мүшесінің өкілеттілігін алып тастау, осы жайлы Кәсіпорынның Байқау кеңесіне хабардар ету;
- 12) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғысында және осы Ережеде қарастырылған өзге де құқықтарды жүзеге асырады.

19. Байқау кеңесінің мүшесі міндетті:

- 1) Кәсіпорынның және уәкілетті органның мүдделерінде адал ниетімен және әрекет етуге, Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын ескере отырып, Кәсіпорынның Жарғысына және басқа да ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес өз міндеттерін тиімді және жауапкершілікпен атқару;
- 2) өздерінің құқықтары мен өкілеттіктері шегінде әрекет ету;
- 3) Кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес сайланған, Кәсіпорынның Байқау кеңесінің отырыстарына және Байқау кеңесі Комитеттерінің жұмысына жеке қатысуға, соның ішінде бейнеконференция немесе телефон байланысы арқылы (ішкі байланыс режимінде) күн тәртібіндегі

барлық мәселелер бойынша Бақылау кеңесі отырыстарында дауыс беруге;

4) Кәсіпорынға қатысты мәмілерде, келісімшарттарда, жобалардағы кез келген жеке коммерциялық немесе өзге де мүдделілік туралы Бақылау кеңесіне дереу хабарлауға;

5) өзінің Байқау кеңесінің отырысына қатыса алмайтынын Байқау кеңесінің Төрағасына және Байқау кеңесінің хатшысына алдын ала ескертуге;

6) Егер Кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарымен басқасы қарастырылмаса, Байқау кеңесі мүшесінің өкілеттік мерзімі ішінде, Кәсіпорындағы жұмыс тоқтатылған күннен бастап бес жыл ішінде, кәсіпорын қызметі туралы мәліметтердің құпиялылығын сақтауға және жеке мүдделерде немесе үшінші тұлғалардың мүдделерінде пайдаланбауға тиіс;

7) Байқау кеңесінің комитетіне, құрамына өзі кіретін Байқау кеңесінің отырыстарына дайындалуға, сонымен: қатар алдын ала материалдармен танысуға, қажетті ақпаратты жинау және талдауға, өз қорытындыларын, ескертулер мен ұсынымдарын, шешімдерін мен ұсыныстар дайындауға;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Кәсіпорынның Жарғысына сәйкес өз құзыреті шегінде жазбаша ұсынылған, Кәсіпорынның уәкілетті органы және Байқау кеңесі қабылдаған шешімдерді орындауға жәрдемдесу;

9) Кәсіпорынның уәкілетті органның, Байқау кеңестің Төрағасының талабы бойынша, Кәсіпорынның қызметіне қатысты құпия және жекеден басқа, кез келген ақпаратты беру;

10) Байқау кеңестің хатшысын қызметтерді қоса атқару және тұрақты (негізгі) жұмыс орны өзгергені жайлы хабардар ету;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген Кәсіпорынның мәмілені жасасқандағы мүдделілігі туралы ақпаратты Кәсіпорынның Байқау кеңесіне жеткізу, сонымен қатар Кәсіпорынның мәмілеге қатысты мүдделерген қақшы тудыратын басқа да жағдайда;

12) Байқау кеңесіне тәуелсіздіктің жоғалуы туралы хабарлау, сондай-ақ Кәсіпорынмен бәсекелесетінзанды тұлғаларды құруға немесе қатысуға ниет білдіру;

13) мүдделік танытатын шешімдерді қабылдауға қатысты мәселелер бойынша дауыс бермеу;

14) Кәсіпорын мен уәкілетті органның арасындағы мүдделер қақтығысына алып келуі немесе ықтимал тудыратын әрекеттерден аулақ болу, ал осындай қақтығыс пайда болған жағдайда, бұл туралы тез арада жазбаша түрде Байқау кеңестің Төрағасына хабарлау;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Кәсіпорынның Жарғысына және Кәсіпорынның басқа да ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді, функцияларды және міндеттерді атқару.

20. Байқау кеңесі мүшелері жауапты:

1) уәкілетті органның шешімдерін Байқау кеңесінің құзыретіне жатқызылған бөлігінде орындамау;

2) өздерінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша қабылданған шешімдердің зардаптары;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген ақпаратты ұсыну тәртібін бұзудан туындайтын шығындарды қоса, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, қасақана жасалған іс әрекеттері (әрекетсіздігі) арқылы келтірген зияны үшін, соның ішінде шатасуға алып келетін ақпаратты ұсыну немесе алдын-ала көрмеу жалған ақпарат беру;

21. Байқау кеңесінің мүшелері Байқау кеңесі қабылдаған залалға ұшырауына әкеп соқтырған шешімге қарсы дауыс берсе немесе дауыс беруге қатыспаса, жауапкершіліктен босатылады.

22. Кәсіпорынның уәкілетті органның шешімі негізінде Байқау кеңесінің мүшесіне, оның Кәсіпорынға қасақана әрекетінен (әрекетсіздігінен) келтірген зияны мен шығынының орнын толтыру талап арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

7. Байқау кеңесінің мүшелеріне ақпаратты ұсыну тәртібі

23. Мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі мүшелерінің талаптары бойынша мемлекеттік кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелері мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің құзыретіне жататын, мәселелер бойынша ақпаратты ұсынады.

24. Ақпаратты ұсыну туралы талап мемлекеттік кәсіпорын басшысына мемлекеттік кәсіпорынның орналасу орны бойынша сәйкес жазбаша хабарлама жіберу арқылы ұсынылады. Жазбаша хабарлама талап етілетін ақпарат немесе талап етілетін құжатқа сілтемені құрау керек.

25. Мемлекеттік кәсіпорын басшысы байқау кеңесі мүшелерінің тізімінде көрсетілген мекенжай бойынша сұралған ақпарат пен құжаттарды егер сұралған ақпарат құпия болып табылмаса, мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің мүшесіне үш жұмыс күнінен кем емес мерзімде береді.

26. Құпия сипаттағы бухгалтерлік және басқа да ақпаратпен мемлекеттік кәсіпорын атқарушы органын бес жұмыс күн бұрын жазбаша хабарлағаннан соң, байқау кеңесінің мүшесі мемлекеттік кәсіпорынның орналасқан орны бойынша танысуға құқылы.

8. Кәсіпорынның байқау кеңесін шақырту және өткізу қағидалары

27. Байқау кеңесінің отырысы осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес, нысанда қалыптастырылған жұмыс жоспары бойынша Байқау кеңесінің жыл сайынғы өкілеттігі басталған уақытта бекітілген уәкілетті органның Байқау кеңесі мүшелерінің ұсыныстарына сәйкес, негізділік, тиімділік және жүйелілік қағидаларына сүйене отырып өткізіледі. Соған қарамастан, Байқау кеңесінің отырысы бір тоқсанда бір реттен өткізіліп отырады.

28. Жылдық жұмыс жоспарын дайындау барысын бақылауды Байқау кеңесінің төрағасы жүзеге асырады.

29. Байқау кеңесінің отырыстары жоспарланған және кезектен тыс болуы мүмкін. Күндізгі, сырттай режимінде және/немесе селектрлік байланыс режимінде өткізіледі.

30. Мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің кезектен тыс отырысы, қандай да бір мәселе бойынша шешім байқау кеңесі өкілеттігіне қатысты болғанда, сондай ақ мемлекеттік кәсіпорын мүддесі талап ететін кез келген жағдайда шақырылады.

31. Байқау кеңесінің отырысы оның төрағасының бастамасы бойынша немесе келесі тұлғалардың талап ету бойынша жүргізіледі:

- 1) уәкілетті органның (жергілікті атқарушы органның);
- 2) мемлекеттік кәсіпорын басшысының (атқарушы органның);
- 3) байқау кеңесі мүшесінің.

32. Байқау кеңесін шақыруды талап етудің мазмұны келесіні құрау керек:

1) отырысты өткізуге бастамашыны көрсету (бастамашының аты, тегі, әкесінің аты немесе ұйымның атауы немесе заңды тұлға);

2) отырысты өткізу нысанын (күндізгі отырыста немесе сырттай дауыс беру арқылы);

3) отырыстың өткізілу күнін не болмаса, сырттай дауыс беру жүргізілетін жағдайда, қол қойылған сырттай дауыс беру бюллетендерін қабылдаудың соңғы күні;

4) ұсынылған талаптарға жауаптарды жіберуді қажет ететін мекенжай.

33. Байқау кеңесінің отырысын шақыру туралы талапқа күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қойылған мәселелер бойынша негізді шешімдерді қабылдауға қажетті ақпараттар мен материалдар қоса беріледі.

34. Байқау кеңесі отырысын шақыру туралы талап мемлекеттік кәсіпорынның орналасу орны бойынша тиісті жазбаша хабарламаны байқау кеңесінің төрағасына бағыттау арқылы ұсынылады. Жазбаша хабарлама тапсырыс хатпен, факспен, электронды поштамен жіберіледі.

35. Байқау кеңесінің отырысы оны шақыру туралы талап түскен күннен бастап он жұмыс күнінен кем емес уақытта байқау кеңесі төрағасымен шақырылуы қажет.

36. Байқау кеңесінің төрағасы мынадай жағдайларды қоспағанда байқау кеңесі отырысын шақырудан бас тартпауы қажет:

- 1) шақыруды бастамашылар мұндай талаптар қоюға құқығы жоқ;
- 2) байқау кеңесінің күн тәртібіне енгізу үшін ұсынған мәселелердің бірде бірі оның құзіретіне енбейтін.

37. Байқау кеңесі отырысына дайындықты байқау кеңесінің хатшысы жүзеге асырады.

38. Байқау кеңесі отырысын жүргізуге дайындық кезінде мынадай іс-әрекеттерді орындау қажет:

- 1) отырыстың күн тәртібін қалыптастыру;
- 2) байқау кеңесін өткізу туралы хабарламаны байқау кеңесінің мүшелеріне жіберу;

3) күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешім қабылдау үшін байқау кеңесінің мүшелеріне ұсынылатын ақпараттардың (материалдар) тізімін дайындау.

39. Байқау кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама 4 қосымшаға сәйкес байқау кеңесі мүшелеріне отырыс өтетін күннен он жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберілуі керек.

Байқау кеңесі Төрағасының шешімі бойынша ақпараттармен хабарлама Байқау кеңесінің мүшелеріне белгіленген мерзімнен кейін жіберілуі мүмкін, бірақ отырысының өткізілетін күніне дейін 3 (үш) күнтізбелік күннен кешіктірмей.

Ерекше жағдайда Байқау кеңесі Төрағасының шешімі бойынша ақпараттар отырыстың өткізілетін күніне дейін 1 (бір) жұмыстық күн қалғанда жіберілуі мүмкін.

40. Хабарлама байқау кеңесі хатшысы жүргізетін, байқау кеңесі мүшелерінің тізілімінде көрсетілген мекенжайға және телефондарға (факстер) тапсырыс хат, телеграмма, телефонограмма, факсимильді және электронды хат жіберу жолымен ресімделеді.

41. Хабарлама мынадай мазмұнда болуы тиіс:

- 1) отырыс өту орны және уақыты, күні туралы мәлімет;
- 2) отырыстың күн тәртібі;
- 3) отырыс шақырылуынның бастамашысы туралы;
- 4) отырысты өткізу нысаны туралы мәлімет (күндізгі отырыс немесе сырттай дауыс беру арқылы);
- 5) байқау кеңесі мүшесінің күн тәртібі бойынша жазбаша хат арқылы дауыс беру мүмкіндігі туралы түсіндірме, егер ол отырысқа қатыса алмайтын жағдайда (күндізгі отырыс өткізгенде).

42. Хабарламаға қоса сырттай дауыс беру үшін бюллетендер немесе хаттаманың жобасы (Байқау кеңестің сырттай отырысы болған жағдайда) сондай-ақ күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар мен ақпараттар керекті көлемде, қойылған мәселелерді шешу үшін тіркелуі керек.

43. Байқау кеңесінің отырысына ақпаратты (материалдар) байқау кеңесі төрағасының тапсырмасы бойынша байқау кеңесінің хатшысы дайындайды.

44. Байқау кеңесінің отырысына ақпаратты Байқау кеңесінің мүшелерімен ұсынылған электрондық поштаға, электрондық байланыс арқылы Байқау кеңесінің хатшысы таратады.

Алдағы отырыс жайлы хабарлама, хаттамалық шешімнің жобасы (отырысты күндізгі тәртіпте өткізген жағдайда) және сырттай дауыс беру үшін бюллетендер міндетті түрде сондай-ақ қағаз нұсқасында таратылады.

45. Байқау кеңесінің әр мүшесі күн тәртібіне, ол өткізілгенге дейін жеті жұмыс күні ішінде өз ұсыныстарын енгізе алады. Бұндай ұсыныстар байқау кеңесінің барлық мүшелеріне барлық қажет материал, шешімді қабылдауға қажет ақпараттар және құжаттардың тіркелуімен ұсынылуы қажет.

46. Күн тәртібіне байқау кеңес мүшелерімен ұсынылған мәселелер қосылады. Қандай да бір мәселелерді қосудан бас тартуға жол берілмейді. Егерде

сол немесе қандай да бір мәселе байқау кеңесі құзіретіне жатпаса, ол қарастырылмайды және ол бойынша шешімдер қабылданбайды.

47. Кәсіпорын органдарының қызметкерлерін сайлау мәселелері бойынша материалдар (Байқау кеңесінің төрағасы және хатшысы) ұсынылатын үміткерлер жайлы келесі ақпаратты қамтуы керек:

- 1) тегі, аты, және қалауы бойынша – әкесінің аты;
- 2) туған күні;
- 3) білім туралы ақпарат;
- 4) Кәсіпорынның аффилиирленгені туралы мәліметтер;
- 5) соңғы үш жылдағы жұмыс орны мен атқарылған қызметі туралы ақпарат;
- 6) тағы да басқа, үміткерлердің біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын ақпарат.

48. Байқау кеңесінің мүшелері хабардар болған байқау кеңесінің отырысын уақытылы және орнында өткізуге мүмкін емес немесе қиындық тудыратын жағдайлар пайда болғанда басқа орында немесе басқа уақытта өткізуге болады.

49. Байқау кеңесі отырысының өтетін орны мен уақыты өзгерген жағдайда, оның барлық мүшелеріне екі күнтізбелік күн бұрын хабардар етіледі. Отырыстың өтетін орны мен уақытының өзгергендегі туралы хабарлама Байқау кеңесінің мүшелерінің хабаралманы алатынына кепілдік беретін кез-келген нысанда жіберіледі, соның ішінде хат-хабар алмасу мекен-жайына да жіберу көзделген.

50. Егер Байқау кеңесінің мүшесі Байқау кеңесінің бетпе-бет отырысына қатыса алмаған жағдайда, ол отырыстың өтер алдында, Байқау кеңесіне қарастырылатын мәселер бойынша, осы Ереженің 5-қосымшасына сәйкес рәсімделген, жазбаша түрде өзінің пікірін ұсынуға құқылы.

51. Байқау кеңесінің отырысы белгіленген уақытта байқау кеңесі мүшелерінің жартысынан көбі қатысқанда ашылады.

52. Кворумды және күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс нәтижелерін анықтауда байқау кеңесі отырысына қатыспаған мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі мүшесінің жазбаша пікірі ескеріледі.

53. Жазбаша пікір байқау кеңесі отырысы өткенге дейін байқау кеңесінің төрағасына, байқау кеңесі мүшелеріне ұсынылуы керек.

54. Мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің отырысы, егер мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің барлық мүшелері оның өтетін уақыты мен орны туралы хабардар етілсе және отырысқа мемлекеттік кәсіпорын байқау кеңесі мүшелерінің жартысынан астамы қатысса, заңды болып табылады.

55. Кворум жоқ жағдайда, отырыс бірінші шақырылған күннен он күннен кешіктірілмей қайта шақырылады.

56. Байқау кеңесінің барлық мүшелері хабарланып, отырыстың ашылу уақытына қарсылық білдірмеген жағдайлардан басқа жағдайларда, отырыс белгіленген уақыттан бұрын ашыла алмайды.

57. Байқау кеңесінің отырысын төраға (немесе осы ережеде қарастырылған жағдайларда төрағалық етуші) ашады.

58. Байқау кеңесінің отырысына Төрағалық етуші:

- 1) Байқау кеңесінің отырысын басқарады;
- 2) отырысты ашады және жабады;
- 3) сөз сөйлеу және баяндама жасау үшін сөз кезегін береді;
- 4) жарыссөз ұйымдастырады;
- 5) қаралып отырған мәселе бойынша өз ұстанымын баяндайды;
- 6) пікірталастар қорытындысын шығарады, келіп түскен ұсыныстарды жалпылайды және тұжырымдайды;
- 7) Байқау кеңесінің отырысы өту барысында тәртіп сақталуын қадағалайды;
- 8) Байқау кеңесінің жобаларының шешімдерін, отырыста қарастырылған мәселелер бойынша Байқау кеңесінің мүшелерінің ұсыныстарын дауысқа қояды, дауыс беруді және дауыс санауды ұйымдастырады және дауыс беру нәтижелерін жариялайды;
- 9) Байқау кеңесінің отырысы барысында келіп түскен ұсыныстарды, өтініштерді, анықтамаларды, сұратуларды, сұрақтарды жария етеді;
- 10) Отырыс хаттамасын жүргізуді, қажет болған жағдайда отырыстың аудио жазбасын ұйымдастырады, хаттамаға қол қояды.

59. Байқау кеңесінің отырысындакүн тәртібіндегі мәселелерді қарау келесі тәртіппен жүзеге асырылады:

- 1) мәселеге жауапты тұлғаның баяндамасы тыңдалады (Байқау кеңесінің отырысында төрағалық етушінің шешімі бойынша);
- 2) қосымша баяндамашы болған жағдайда тыңдалады (Байқау кеңесінің отырысында төрағалық етушінің шешімі бойынша);
- 3) баяндамашыларға, сондай-ақ өзге де отырысқа қатысып отырған тұлғаларына Байқау кеңесінің мүшелері сұрақтар қояды;
- 4) Байқау кеңесінің мүшелері баяндама бойынша талқылауға түседі (талқылауға Байқау кеңесінің отырысына төрағалық етушінің шешімі бойынша шақырылған тұлғалар қатыса алады);
- 5) Байқау кеңесінің мүшелерінен келіп түскен жоба шешіміне қатысты жазбаша ұсыныстар жария етіледі;
- 6) Байқау кеңесінің отырысында төрағалық етуші талқылаудың қорытындысын жасайды және Байқау кеңесінің жоба шешімдеріне келіп түскен ұсыныстарды тұжырымдайды;
- 7) келіп түскен барлық ұсыныстар бойынша дауыс беру және дауыстарды санау жүзеге асырылады. Дауыс беру шешімге толығымен, сондай-ақ жекелеген тармақтар бойынша әсер етуі мүмкін;
- 8) дауыс берудің қорытындысы жария етіледі;
- 9) Байқау кеңесінің мүшелеріне өзінің ерекше пікірін айту мүмкіндігі беріледі (Байқау кеңесінің отырысының хаттамасына жазбаша түрде қосылады).

60. Талқылауға қатысушы өзінің сөз сөйлеуінде міндетті:

- 1) қарастырылып отырған мәселеге қатысты өз ұстанымын қысқа

жеткізуге;

2) баяндамашымен және өзге де Байқау кеңесінің мүшелерімен ұсынылған күн тәртібіндегі мәселеге қатысты материалдармен танысу нәтижелері бойынша Байқау кеңесі шешімінің жобасына байланысты өз тұжырымын жасауға;

3) талқыланып жатқан мәселенің шешімдер жобасына байланысты өз ұсынысын тұжырымдауға міндетті.

61. Баяндамаларға, қосымша баяндамаларға және қорытынды сөздерге берілетін уақыт мөлшері төрағалық етуші мен баяндамашылар арасында келісіліп бекітіледі.

Төрағалық етуші қажет болған жағдайда отырысқа қатысып отырған Байқау кеңесі мүшелерінің көпшілігінің келісімімен сөз сөйлеу уақытын ұзартуы немесе қысқартуы мүмкін.

Байқау кеңесінің мүшесі сөз сөйлеу үшін төрағалық етушіге ауызша жүгінгенде сөз беріледі. Байқау кеңесінің Төрағасы кез келген уақытта сөз сөйлеуді алуға құқылы.

62. Байқау кеңестің бетпе-бет өткізілген отырысында қабылданған шешімдер, Байқау кеңестің хатшысымен хаттама түрінде осы Ереженің 6 қосымшасына сәйкес дайындалады

Отырыста барлық қатысушыларға сөйлесуге және тыңдауға мүмкіндік беретін бейнеконференцияны немесе телефонды (ішкі байланыс режимінде) пайдаланған жағдайда, хаттамада тиісті белгі жасалады.

Отырыс хаттамасына Байқау кеңесінің қазіргі мүшелері кеңескеннен кейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей, Байқау кеңесі төрағасының қолы қойған немесе отырыста төрағалық ететін тұлға, Байқау кеңесінің хатшысы қол қоюға, сондай-ақ Кәсіпорынның мөрімен расталуға тиіс.

63. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру нәтижелері мемлекеттік кәсіпорын басшысының және байқау кеңесінің барлық мүшелеріне байқау кеңесінің отырысы өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде байқау кеңесі отырысының хаттамасының көшірмесі және жазбаша хабарлама жіберу арқылы назарына жеткізіледі.

64. Жазбаша хабарлама (хаттама көшірмесі) тапсырыс хат, телеграмма, телефонограмма, факсимильді және электронды хабарларды жіберу жолымен жіберіле алады.

65. Байқау кеңесі шешімінің орындалу барысын бақылауды егер бұл арнайы шешімде айтылмаса және хаттамада көрсетілмесе мемлекеттік кәсіпорын басшысы және байқау кеңесінің төрағасы жүзеге асырады.

9. Байқау кеңесі отырысын сырттай өткізу тәртібі

66. Жекелеген мәселелер бойынша байқау кеңесінің шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылданады.

67. Байқау кеңесі отырысын сырттай дауыс беру арқылы өткізу туралы шешімді қабылдауына байланысты, байқау кеңесінің төрағасы сырттай дауыс

беруге ұсынылған мәселелер тізімін қалыптастырады, сырттай дауыс беру нәтижелерін анықтау күнін, толтырылған бюллетендерді толтыру мерзімінің аяқталу күнін анықтайды.

68. Сырттай дауыс беру туралы хабарлама байқау кеңесінің төрағасы Байқау кеңесінің әр мүшесіне тапсырыс хаттармен немесе жеке өзіне сырттай дауыс беру бюллетендерін қабылдау мерзімі аяқталған күннен бастап жеті жұмыс күнінен кем емес уақытта тапсырады.

69. Сырттай дауыс беруді өткізу туралы хабарламамен бірге қойылған мәселелер бойынша материалдар және біртұтас формада (7 қосымшаға сәйкес) дауыс беру үшін бюллетендер беріледі немесе бағытталады. Сырттай дауыс беруді өткізу туралы хабарламада байқау кеңесі төрағасымен анықталған, толтырылған бюллетендерді ұсыну мерзімінің аяқталу күні, сондай ақ сырттай дауыс берудің нәтижелерін анықтау күні көрсетіледі.

70. Байқау кеңесінің мүшелеріне сырттай дауыс беру үшін бюллетендерді жіберген кезде дұрыс толтырылғанын және біркелкілігін байқау кеңесінің төрағасы өз қолымен куәландырады.

71. Сырттай дауыс беру үшін толтырылған және қол қойылған бюллетендер байқау кеңесі төрағасына байқау кеңесі мүшесімен бюллетенді қабылдау мерзімі аяқталған күннен кешіктірмей түпнұсқада немесе факсимилді және электронды байланыс арқылы (сырттай дауыс беру үшін бюллетенде көрсетілген, мекенжай бойынша сауалнама парағының түпнұсқасын кейін жіберу арқылы) ұсынылуы керек.

72. Сырттай дауыс беруге қатысқан болып, хабарламада көрсетілген, бюллетендерді қабылдау мерзімінен кешіктірілмей байқау кеңесі төрағасы қабылдаған бюллетендер саналады.

73. Мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің төрағасымен хабарламада көрсетілген мерзім өткеннен кейін алынған бюллетендер сырттай дауыс беру нәтижелерін өткізу және дауыстарды санауда ескерілмейді.

74. Сырттай формада өткізілетін, отырыс күн тәртібі мәселелері бойынша дауыс беру нәтижелері, сырттай дауыс беруді өткізу туралы хабарламада белгіленгендей, байқау кеңесі төрағасымен алынған, байқау кеңесі мүшелерімен толтырылған және қол қойылған бюллетендер негізінде жүргізіледі.

75. Сырттай дауыс беру арқылы байқау кеңесінің шешім қабылдау күні сырттай дауыс беру үшін сауалнама парақтарын қабылдау мерзімінің аяқталу күні болып табылады.

76. Байқау кеңесінің төрағасы немесе байқау кеңесінің сырттай мәжілісін жинаушы тұлға (тұлғалар), байқау кеңесінің барлық мүшелерінен сауалнама парақтарын қабылдау күніне дейін алынған толтырылған бюллетендер, сырттай дауыс беру шешімін қабылдау күні сырттай дауыс беру үшін соңғы бюллетенді алған күн болып табылады.

77. Сырттай дауыс беру нәтижелері бойынша үш жұмыс күнінен кешіктірмей хаттама құралады. Аталған хаттама дұрыстығына жауап беретін Байқау кеңесі төрағасының және байқау кеңесі хатшысының қолымен расталады.

78. Байқау кеңесі мүшелері қабылдаған шешімдер, және сырттай дауыс беру нәтижелері байқау кеңесінің барлық мүшелеріне бес жұмыс күнінен кем емес мерзімде сырттай дауыс беру нәтижелері туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап оларға көрсетілген хаттама көшірмелерін жіберу арқылы жеткізіледі.

79. Байқау кеңесінің отырысының сырттай отырысы жиі өткізілмеуі керек, айына бір реттен артық емес.

80. Қойылған мәселе бойынша байқау кеңесі мүшелері құрамының жартысынан көбі сырттай отырысқа қарсылық білдірген жағдайда, байқау кеңесінің төрағасы осы мәселе бойынша сырттай дауыс беруді болдырмайды, ал осы мәселе байқау кеңесінің жақын арадағы отырысының күн тәртібіне енгізіледі.

81. Бұл ретте байқау кеңесінің хатшысы сырттай дауыс берудің болмайтыны туралы барлық мүшелерді, сонымен қатар дауысқа салудың бастамашысын хабардар етеді.

10. Сыйақы мөлшерін белгілеу тәртібі және (немесе) Байқау кеңесінің мүшелеріне шығыстарды өтеу.

82. Тиісті саланың уәкілетті органы таза табыстың белгіленген бөлігін бюджетке аударғаннан кейін Кәсіпорынның билігінде қалған таза табыстың бір бөлігінің бес пайызынан аспауы тиіс Кәсіпорындардағы байқау кеңесінің мүшелеріне сыйақы лимитін айқындайды.

83. Конкурстық іріктеу қағидаларына сәйкес сайланатын байқау кеңесінің мүшелері арасында байқау кеңесінің мүшелеріне айқындалған сыйақы төлеу лимитіне сәйкес бөлінеді.

84. Кәсіпорынның байқау кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу Кәсіпорынның бір жылдың жұмыс қорытындысы бойынша қаржы-шаруашылық қызметінің оң нәтижесі болған кезде жүзеге асырылады.

85. Кәсіпорынның басшысына, сондай-ақ мемлекеттік қызметші болып табылатын байқау кеңесінің мүшелеріне сыйақы төленбейді.

86. Жол жүру құжаттарының құны, тұрғын үйді жалдау бойынша шығыстар, тәртіп пен шарттар бойынша тәуліктік ақысы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 ақпандағы №145 Қаулысымен реттелген «Акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындарды, акционерлік қоғамдарды және олардағы мемлекеттік қатысу үлестерінің мөлшері қатысушылардың жалпы жиналысының шешімін анықтауға мемлекетке мүмкіндік беретін жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді оңтайландыру мақсатымен олардың әкімшілік шығыстарының мониторингін жүргізу тетігін анықтау туралы» Байқау кеңесінің мүшелеріне Кәсіпорынға растайтын құжаттар ұсынылғанда келесі жағдайда өтеледі:

- 1) Кәсіпорынның орналасқан жерінен тыс жерде тұру;
- 2) Кәсіпорынның орналасқан жерінен тыс жерде өткізу

11. Қорытынды ережелер

87. Байқау кеңесінің қызметін бағалау.

88. Кәсіпорынның Байқау кеңесінің қызметін бағалау тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңына сәйкес жүзеге асырылады.

89. Кәсіпорынның Байқау кеңес мүшелерінің қызметін бағалау жыл сайын Кәсіпорынның аудиторлық қаржылық есеп расталғаннан кейін Байқау кеңесі мүшелерінің қызметінің тиімділігін және сыйақы мөлшерін анықтау мақсатында өткізіледі.

90. Кәсіпорынның Байқау кеңесі белгіленген тәртіп бойынша өз жұмысын, Байқау кеңесінің әр бір мүшесін, сонымен қатар байқау кеңесінің төрағасын және байқау кеңесінің хатшысын өз еркімен жан-жақты бағалауды жүргізуге құқығы бар. Бағалау нәтижелері Байқау кеңесінің отырысында талқыланады.

91. Байқау кеңестің оның мүшелерінің қызметін бағалау сыртқы сарапшылардың қатысуымен кем дегенде үш жылда бір рет өткізілуі мүмкін.

МК « _____ »
 Байқау кеңесі туралы ережесіне сәйкес
 « _____ » 201 ж.
 № _____ бекітілген бұйрығымен
1-қосымша

Байқау кеңесі шешімдерін тіркейтін журнал
 МК « _____ »

Р/н	Хаттама №	Байқау кеңесі отырысының (күндізгі, сырттай нысанда) өткізілген күні	Күн тәртібі	Қатысқандар
1	2	3	4	5

Қалыс қалғандар	Шешім	Шешім орындалғаны туралы баған
6	7	8

МК « _____ »
 Байқау кеңесі туралы
 ережесіне сәйкес
 « _____ » _____ 201__ ж.
 № _____ бекітілген бұйрығымен
2-қосымша

МК « _____ »
Байқау кеңесі шешімінен
К Ө Ш І Р М Е

Қызылорда қ.

Хаттама № _____ « _____ » _____ 201__ ж.

КҮН ТӘРТІБІ:

МК « _____ » Даму жоспарының 2017-2021жж. (2018ж.І-нұсқа)
 қорытындысынқұзырлы органға алдын-ала келісіліп және ұсынылуы үшін

Күн тәртібінің төртінші сұрағы бойынша:

- 1) Даму жоспарына бекітілген мемлекеттік акционерлік қоғамның және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді, мемлекеттік кәсіпорындарды және де мониторингілеу және бағалау, оларды жүзеге асыру, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика Министрінің м.а. 27.03.2015ж. №249 бекітілген бұйрығына сәйкес, шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның Даму жоспарының жобасын алдын-ала келісу. (2017-2021жж. 2018ж.І-нұсқа)
- 2) Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік Заңының» 149 бабының 1 тармағы 1)тармақшасына сәйкес, ҚР ДСМ Даму жоспары жобасына МК _____ 2017-2021жж. (2018ж. І-нұсқа) қорытындысымен қоса тіркеу.

Байқау кеңесі хатшысы

А.Т.Ә.

Өз қолы

Байқау кеңесі мәселені қарау бойынша
ҚОРЫТЫНДЫҒА КЕЛДІ: 1. _____
 2. _____

Дауыс берудің нәтижелері:

ЖАҚТАЙДЫ - ____ дауыс (Байқау кеңесі мүшесі(лері) Т.А.Ә.)

ҚАРСЫ - ____ дауыс (Байқау кеңесі мүшесі(лері) Т.А.Ә.)

ҚАЛЫС ҚАЛДЫ(ерекше пікір) - ____ дауыс (Байқау кеңесі мүшесі(лері) Т.А.Ә.)

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ: ____ дауыспен.

2. Күн тәртібіндегі **екінші мәселе** бойынша сөз сөйледі(егер алғашқы мәселе бойынша сөз сөйлеушілер болса):

Байқау кеңесі мәселені қарау бойынша **ҚОРЫТЫНДЫҒА КЕЛДІ:**

1. _____

2. _____

Дауыс берудің нәтижелері:

ЖАҚТАЙДЫ - ____ дауыс (Байқау кеңесі мүшесі(лері) Т.А.Ә.)

ҚАРСЫ - ____ дауыс (Байқау кеңесі мүшесі(лері) Т.А.Ә.)

ҚАЛЫС ҚАЛДЫ(ерекше пікір) - ____ дауыс (Байқау кеңесі мүшесі(лері) Т.А.Ә.)

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ: ____ дауыспен.

Отырыстың жабылу уақыты:

Күн тәртібіне қатысты отырысқа қатыспаған Байқау кеңесі мүшесінің(-лерінің) Т.А.Ә. жазбаша хабарламасының(-ларының) түпнұсқасы шешімге қосылады.

Төраға/

Төрағалық етуші

өз қолы

Т.А.Ә.

Байқау кеңесінің хатшысы

өз қолы

Т.А.Ә.

МК « _____ »
 Байқау кеңесі туралы ережесіне сәйкес
 « _____ » _____ 201 ж.
 № _____ бекітілген бұйрығымен
3-қосымша

МК « _____ »
 Байқау кеңесі шешімімен
 бекітілген « _____ » _____ 201 ж.
 № _____

МК « _____ »
Байқау кеңесінің 201 жылға жұмыс жоспары

Нысан

№	Сұрақ ағауы	Байқау кеңесі отырысында қаралатын сұрақтың қажеттілік негізі (құзырет)	Талқылау күні (тоқсан немесе ай сайын)	Жауапты хатшы
1.				
2.				

МК «_____»
 Байқау кеңесі туралы
 ережесіне сәйкес
 «___» _____ 201__ ж.
 №___ бекітілген бұйрығымен
4-қосымша

Байқау кеңесінің мүшелеріне
 МК «_____»

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы наурызындағы №413-IV «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 150 бабы 2 тармағына сәйкес, ШЖҚ КМК «___» _____ 201__ жылы, сағат: _____, Қызылорда қаласы, _____ а уданы, _____ көшесі, № _____ құрылыс _____, № _____ кабинет (конференц-зал) _____ ШЖҚ КМК _____ ғимаратында күндізгі нысанда Байқау кеңесінің отырысы өткізілетіндігін хабарлаймыз. Күн тәртібінде қаралатын мәселелер, Сіздің электронды поштаңызға жолданды.

Байқау кеңесінің отырысына қатыса алмайтын жағдайда, талқыланатын сұрақтар бойынша, өзіңіздің жазбаша ойыңызды алдын-ала жолдауыңызды сұраймыз.

Байқау кеңесіне қатысқаныңыз үшін алдын-ала рахмет.

Барлық сұрақтар бойынша мына телефонға _____ хабарласуыңызды сұраймыз.

МК «_____»
 Байқау кеңесі туралы
 ережесіне сәйкес
 «_____» _____ 201__ ж.
 № _____ бекітілген бұйрығымен
5-қосымша

Нысан

ЖАЗБАША ПІКІР

Байқау кеңесінің мүшесінен (Т.А.Ә.)

МК «_____» Байқау кеңесінің күндізгі отырысына

Қызылорда қ.

«_____» _____ 20__ жыл

«_____» _____ 20__ жылғы № _____ ұсынылған хабарламаға және материалдарға сәйкес, «_____» _____ 20__ жылысағат _____ мекен-жайында өтуге жоспарланған Байқау кеңесінің отырысының қарауына, келесі мәселелер шығарылды:

1. (мәселе тұжырымдамасы).
2. (мәселе тұжырымдамасы).

Мәселелер мен олардың тұжырымдамаларының саны Байқау кеңесі мүшелеріне жолданған хабарламаға сәйкес болуы тиіс. Байқау кеңесінің жоспарланған отырысына қатыспауыма байланысты Байқау кеңесі Ережесі негізінде отырыстың күн тәртібіне қатысты өз ұстанымымды жеткіземін.

Күн тәртібі бойынша дауыс беремін: (Байқау кеңесі мүшесінің дауысы: «ЖАҚТАЙДЫ», «ҚАРСЫ», «ҚАЛЫС ҚАЛДЫ»).

№ 1-мәселе. Мәселенің тұжырымдамасы.

Қаралған мәселе бойынша ұстанымның (Байқау кеңесі мүшесінің пікірі) қысқаша жазбаша нұсқасы.

Осыған байланысты келесі шешімнің тұжырымдамасына дауыс беруді ұсынамын:

1. (шешімнің тұжырымдамасы).
2. (шешімнің тұжырымдамасы).

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша дауыс беремін: (Байқау кеңесі мүшесінің дауысы: «ЖАҚТАЙДЫ», «ҚАРСЫ», «ҚАЛЫС ҚАЛДЫ»).

№ 2-мәселе. Мәселенің тұжырымдамасы.

Қаралған мәселе бойынша ұстанымның (Байқау кеңесі мүшесінің пікірі) қысқаша жазбаша нұсқасы.

Осыған байланысты келесі шешімнің тұжырымдамасына дауыс беруді ұсынамын:

1. (шешімнің тұжырымдамасы).
2. (шешімнің тұжырымдамасы).

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша дауыс беремін: (Байқау кеңесі мүшесінің дауысы: «ЖАҚТАЙДЫ», «ҚАРСЫ», «ҚАЛЫС ҚАЛДЫ»).

Байқау кеңесінің мүшесі
 (қолтаңба міндетті)

_____ Т.А.Ә.

МК« _____ »
 Байқау кеңесі туралы
 ережесіне сәйкес
 « _____ » _____ 201__ ж.
 № _____ бекітілген бұйрығымен
6-қосымша

Нысан

ХАТТАМА

МК « _____ » Байқау кеңесі отырысы

Қызылорда қ. № _____ « _____ » _____ 20__ жыл

Өткізілетін орны: Кәсіпорынның нақты мекен-жайы _____

Отырыстың өткізілетін орны мен уақыты: _____

Байқау кеңесі мүшелерінен қатысқандар: _____

Байқау кеңесі мүшелерінен қатыспағандар: _____

Шақырылған тұлғалар: _____

Байқау кеңесінің отырысындағы күн тәртібіндегі мәселе бойынша пікірді жазбаша хабарламада жеткізгендер: _____

Кворум жөнінде мағлұмат: (бар/жоқ).

Байқау кеңесінің хатшысы: _____

КҮН ТӘРТІБІ:

1.
2.

Байқау кеңесі күн тәртібін қарап, **ҚОРЫТЫНДЫҒА КЕЛДІ:**
Шешімнің тұжырымдамасы (күн тәртібін бекіту, өзгерту, толықтыру)

Дауыс берудің нәтижелері:

ЖАҚТАЙДЫ - _____ дауыс (Байқау кеңесі мүшесі(лері) Т.А.Ә.)

ҚАРСЫ - _____ дауыс (Байқау кеңесі мүшесі(лері) Т.А.Ә.)

ҚАЛЫС ҚАЛДЫ(ерекше пікір) - _____ дауыс (Байқау кеңесі мүшесі(лері) Т.А.Ә.)

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ: _____ дауыспен.

1. Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша сөз сөйледі(егер алғашқы мәселе бойынша сөз сөйлеушілер болса):

МК «_____»
 Байқау кеңесі туралы
 ережесіне сәйкес
 «_____» _____ 201__ ж.
 №_____ бекітілген бұйрығымен
7-қосымша

Нысан

МК «_____» Байқау кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс
 беруіне арналған
Б Ю Л Л Е Т Е Н І

Атқарушы органның орны: Қазақстан Республикасы, Қызылорда қаласы, ...

Байқау кеңесінің мүшесі жөніндегі
 мағлұмат

Т.А.Ә., лауазымы

Байқау кеңесінің мүшесіне бюллетеннің
 жолданған күні

_____ 20__ жыл
 _____ 20__ жыл

Қол қойылған бюллетеннің көрсетілген күні

Бюллетендер жолдауға арналған мекен-жай:

Қазақстан Республикасы,
 120000, Қызылорда қаласы, e-
 mail:
 тел/факс:

Күн тәртібі: 1. (мәселе тұжырымдамасы)
 2. (мәселетұжырымдамасы)

Күн тәртібі бойынша (шешім тұжырымдамасы)

ЖАҚТАЙДЫ **ҚАРСЫ** **ҚАЛЫС ҚАЛДЫ (ерекше пікір)**

Ескерту: ерекше пікірі жеке жазбаша түрде беріледі

№1-мәселе (шешім тұжырымдамасы)

ЖАҚТАЙДЫ **ҚАРСЫ** **ҚАЛЫС ҚАЛДЫ (ерекше пікір)**

Ескерту: ерекше пікірі жеке жазбаша түрде беріледі

№2-мәселе (шешім тұжырымдамасы)

ЖАҚТАЙДЫ **ҚАРСЫ** **ҚАЛЫС ҚАЛДЫ (ерекше пікір)**

Ескерту: ерекше пікірі жеке жазбаша түрде беріледі

Байқау кеңесінің мүшесі _____ Т.А.Ә.
(қолтаңба міндетті)

Байқау кеңесінің
хатшысы _____ Т.А.Ә.
(қолтаңба міндетті)

Ескерту:

Мәселелер бойынша сырттай дауыс беру барысында дауыс Байқау кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс беруінде дауыс берудің тек бір ғана нұсқасы тандалған жағдайда есептеледі. Бюллетендер осы талаптардың бұзылуымен ресімделген болса, жарамсыз деп танылады және олардағы мәселелер бойынша дауыстар есептелмейді.

Егер Байқау кеңесінің мүшесі Байқау кеңесінің отырысының күн тәртібіндегі нақты мәселеге (мәселелерге) қатысты қарсы дауыс берсе немесе дауыс беруден тартынса, ол Байқау кеңесімен шешім қабылданғаннан кейін үш күнтізбелік күн ішінде өз шешіміне жазбаша негіздеме тапсырады.

Байқау кеңесінің отырысының күн тәртібіндегі нақты мәселеге (мәселелерге) қатысты қарсы дауыс берген немесе дауыс беруден тартынған Байқау кеңесі мүшесінің жазбаша негіздемесі Байқау кеңесінің отырысының хаттамасына және (немесе) шешіміне міндетті түрде қосылады.

_____ Байқау кеңесі мүшесінің Т.А.Ә.
(қолтаңба міндетті)

МК « _____ »
 Байқау кеңесі туралы
 ережесіне сәйкес
 « _____ » _____ 201__ ж.
 № _____ бекітілген бұйрығымен
8-қосымша

Нысан

МК « _____ » Байқау кеңесінің сырттай отырысының **ШЕШІМІ**

Қызылорда қ. № _____ « _____ » _____ 20__ жыл

Өткізілетін орны: Кәсіпорынның нақты мекен-жайы.

Отырыстың өткізілетін орны мен уақыты: _____

Байқау кеңесінің құрамы: _____

Байқау кеңесі сырттай отырысының шақырылуының бастамашысы: _____

Байқау кеңесі мүшелеріне бюллетендердің жолданған күні: _____

Қол қойылған бюллетеннің көрсетілген күні: _____

Бюллетендерді жолдауға бағытталған мекен-жай: _____

Байқау кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс беру бюллетендерін бекітілген уақытта көрсеткен: _____

Байқау кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс беру бюллетендерін бекітілген уақытта көрсетпеген: _____

Кварум жөнінде мағлұмат: (бар/жоқ).

Байқау кеңесінің хатшысы: _____

КҮН ТӘРТІБІ:

1.
2.

Мәселе тәжжырымдамасы

Дауыс берудің нәтижелері:

ЖАҚТАЙДЫ - _____ дауыс (Байқау кеңесі мүшесі(лері) Т.А.Ә.)

ҚАРСЫ - _____ дауыс (Байқау кеңесі мүшесі(лері) Т.А.Ә.)

ҚАЛЫС ҚАЛДЫ(ерек

ше пікір) - _____ дауыс (Байқау кеңесі мүшесі(лері) Т.А.Ә.)

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ: ____ дауыспен.

ДАУЫС БЕРУДІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

1. Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша (мәселе тұжырымдамасы):

Шешім тұжырымдамасы

Дауыс берудің нәтижелері:

ЖАҚТАЙДЫ - ____ дауыс (Байқау кеңесі мүшесі(лері) Т.А.Ә.)

ҚАРСЫ - ____ дауыс (Байқау кеңесі мүшесі(лері) Т.А.Ә.)

ҚАЛЫС ҚАЛДЫ(еркеше пікір) - ____ дауыс (Байқау кеңесі мүшесі(лері) Т.А.Ә.)

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ: ____ дауыспен.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша (мәселе тұжырымдамасы):

Шешім тұжырымдамасы

Дауыс берудің нәтижелері:

ЖАҚТАЙДЫ - ____ дауыс (Байқау кеңесі мүшесі(лері) Т.А.Ә.)

ҚАРСЫ - ____ дауыс (Байқау кеңесі мүшесі(лері) Т.А.Ә.)

ҚАЛЫС ҚАЛДЫ (еркеше пікір) - ____ дауыс (Байқау кеңесі мүшесі(лері) Т.А.Ә.)

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ: ____ дауыспен.

Күн тәртібіне қатысты отырысқа қатыспаған Байқау кеңесі мүшелерінің бюллетендерінің түпнұсқасы _____ дана қолтаңбамен осы шешімге ажырамас бөлік ретінде қосылды.

Төраға/
Төрағалық етуші

өз қолы

Т.А.Ә.

Байқау кеңесінің хатшысы

өз қолы

Т.А.Ә.